

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Кәсіптік практикаларды ұйымдастыру және өткізу ережелері	Ереже V-10-2022 Нұсқа 02 Күні 2022.11.21 114 беттің 1-беті
---	---	---

КӘСІПТІК ПРАКТИКАЛАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ

ЕРЕЖЕЛЕРІ ПР V-10-2022

Әзірлеген:
МӨО басшысы
Алина Г.Ж. _____



Қарағанды

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Кәсіптік практикаларды ұйымдастыру және өткізу ережелері	Ереже V-10-2022 Нұсқа 02 Күні 2022.11.21 114 беттің 2-беті
---	---	---

Мазмұны

1	Қолдану саласы	3
2	Нормативтік сілтемелер	3
3	Терминдер, анықтамалар және қысқартулар	3
4	Жауапкершілік және өкілеттіктер	5
5	Жалпы ережелер	5
6	Бакалавриаттың кәсіптік практикасын ұйымдастыру ережелері	7
6.1	Кәсіптік практикаларды ұйымдастыру	7
6.1.1	Практика жетекшісінің міндеттері	8
6.1.2	Студенттің міндеттері	9
6.2	Практикалардың тәртібі мен өткізілуі	9
6.2.1	Оқу практикасы	9
6.2.2	Өндірістік практика	10
6.2.3	Диплом алдындағы практика	11
7	Магистратураның кәсіптік практикасын ұйымдастыру ережелері	12
7.1	Кәсіптік практикалардың мазмұны	12
7.2	Кәсіптік практикаларды өткізу	14
7.3	Магистранттардың құқықтары мен міндеттері	16
8	Докторантураның кәсіптік практикасын ұйымдастыру ережелері	17
8.1	Кәсіптік практикалардың мазмұны және өткізілуі	17
8.2	Докторанттардың құқықтары мен міндеттері	25
9	Практика бойынша есеп беру	27
10	Келісу және қолданысқа енгізу	29
11	Қолжетімділікті қамтамасыз ету	29
12	Сақтау	29
13	Талдау және өзектендіру	29
14	Құжатқа өзгерістер енгізу	29
	А қосымшасы Кәсіптік практиканы өткізуге арналған шарт	30
	Б қосымшасы Практикаға жолдама	40
	В қосымшасы Кәсіптік практиканың жұмыс жоспары-кестесі	43
	Г қосымшасы Практика бойынша есептің титулдық парағының үлгісі	46
	Д қосымшасы Практика жөніндегі топ жетекшісінің есебі	49
	Е қосымшасы Практика бойынша кафедралық есептің үлгісі	61
	Ж қосымшасы Білім алушының сауалнамасы	70
	З қосымшасы Кәсіпорындағы практика жетекшісінің сауалнамасы	73
	И қосымшасы Комиссия құру туралы өкім	76
	К қосымшасы Бакалавриаттың кәсіптік практикадан өту күнделігі	78
	Л қосымшасы Магистранттың/докторанттың кәсіптік практикадан өту күнделігі	103
	М қосымшасы Келісу парағы	112
	Н қосымшасы Танысу парағы	113
	Библиография	114

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Кәсіптік практикаларды ұйымдастыру және өткізу ережелері	Ереже V-10-2022 Нұсқа 02 Күні 2022.11.21 114 беттің 3-беті
---	---	---

1 Қолдану аймағы

Осы ережелер «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын ескере отырып, кәсіптік практиканың мазмұнын сипаттайды және Университет басшылығының, кафедралардың, сондай-ақ білім алушылардың кәсіптік практикасын ұйымдастыру және өткізу бойынша практика базасы болып табылатын кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелердің қызметін реттейді.

Кәсіптік практикаларды ұйымдастыру ережелері «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ сапа менеджменті жүйесінің құжаттама жинағына (ҚарТУ) кіреді.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы Ережелерде мынадай нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйесі. Талаптар».

ҚР СТ ISO 9000-2017 (ISO 9000:2015) «Сапа менеджменті жүйелері. Негізгі қағидалар мен сөздік».

«Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік ережелерін бекіту туралы» Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы.

«Кәсіптік практиканы ұйымдастыру және өткізу ережелерін және ұйымдарды практика базасы ретінде айқындау ережелерін бекіту туралы» Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы №107 бұйрығы.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексі.

«Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы.

3 Терминдер, анықтамалар және қысқартулар

Осы Ережелерде тиісті анықтамалар мен қысқартулар бар мынадай терминдер қолданылады:

Кәсіптік практика - студенттердің Университетте оқу процесінде алған теориялық білімдерін нығайтуға; практикалық дағдылар мен құзыреттіліктерді игеруге; озық практиканы игеруге бағытталған оқыту нысандарының бірі.

Оқу практикасы - студенттердің мамандықты игеруге қажетті білім, шеберліктер мен дағдыларды игеруіне ықпал етеді.

Педагогикалық практика - студенттердің университетте оқу процесінде алған теориялық білімдерін нығайтуға; педагогикалық дағдыларды игеруге; болашақ педагогикалық мамандық бейіні бойынша озық практиканы, кәсіби

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Кәсіптік практикаларды ұйымдастыру және өткізу ережелері	Ереже V-10-2022 Нұсқа 02 Күні 2022.11.21 114 беттің 4-беті
---	---	---

және ұйымдастырушылық жұмысты игеруге бағытталған кәсіптік практика түрі.

Өндірістік практика - студенттерге таңдаған мамандық бойынша практикалық білім, білік және дағдылар беруге бағытталған мамандар даярлаудың құрамдас органикалық бөлігі; теориялық білімді шоғырландыруға және тексеруге, нақты өндірістік жағдайларда прогрессивті технологиялық процестерді игеруге ықпал етеді.

Диплом алдындағы практика - студенттің бакалаврлық бітіру жұмысын орындау үшін қажетті материалдарды жинау мақсатында дипломдық жобалауды бастамас бұрын жүргізілетін кәсіптік практика түрі. Диплом алдындағы практика кезеңінде студент тиісті практика базасының кәсіби қызметі бойынша нақты материал, дипломдық жұмыс (жоба) тақырыбы бойынша практикалық материал жинауды жүзеге асырады. Практика нәтижелері дипломдық жобаны (жұмысты) жазу үшін пайдаланылады және тиісті түрде ресімделеді.

Практика жетекшісі - кафедра тағайындаған және оны өткізудің барлық кезеңінде практика мәселелері бойынша студенттермен консультативтік жұмысқа жауапты оқытушы.

Практикаға жолдама - студентті осы кәсіпорында оның атауын, сондай-ақ орналасқан жері мен студенттің болу мерзімін көрсете отырып, практикадан өтуге бекіту туралы құжат.

Практика есебі - студенттің кәсіптік практикадан өту нәтижелеріне қатысты қажетті мәліметтерді, сондай-ақ оның кәсіпорындарда оқу процесінде алған теориялық және практикалық білімдері мен дағдыларын көрсететін құжат. Есеп - практика барысында жиналған, талданған және жүйеленген материалды қамтитын студенттің кәсіптік практикасын бақылаудың қорытынды нысаны.

Практика күнделігі - студенттің кәсіпорындағы жұмыс түрлерін орындау реті туралы, оның орындалу күні мен орны көрсетілген жазбасы, сонымен қатар кәсіпорын мен университеттің, практика қорытындысының тиісті бағалары қойылған, практика жетекшілері қол қойған студенттің сипаттамасын қамтиды.

Практика туралы есепті қорғау - студенттің практика кезеңінде алған теориялық және практикалық білімдері мен дағдыларын растайтын кәсіптік практика туралы есептің мазмұны жөніндегі комиссияның алдында сөйлеген сөзі.

Практика қорытындысы бойынша конференция - мамандықтың барлық студенттері мен кәсіпорын өкілдерін практикалық дайындық қорытындыларын талқылауға, мамандықтың студенттерін кейіннен жұмысқа орналастыра отырып, практикаға шақыруда кәсіпорындардың сапасы мен қызығушылығын арттыру бойынша ұсыныстар әзірлеуге шақыратын кафедра өткізетін конференция.

Практикадан өту бойынша әдістемелік нұсқаулар - практикалық

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Кәсіптік практикаларды ұйымдастыру және өткізу ережелері	Ереже V-10-2022 Нұсқа 02 Күні 2022.11.21 114 беттің 5-беті
---	---	---

дайындықтың мақсаттары, міндеттері, есеп жазуға қажетті материалдар тізімі және оның мазмұнына қойылатын талаптар.

Кафедраның практика туралы есебі - практика аяқталғаннан кейін оның нәтижелерін, қорытындылары мен ұсыныстарын талдай отырып, жалпы кафедралық есеп жасалады.

ҚР БЖҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі;

ҚарТУ – «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ;

ХС - халықаралық стандарт;

Ереже - ережелер;

СБӨ - сапа жөніндегі басшылық өкілі;

СМЖАО - сапа менеджменті және аккредиттеу орталығы;

ПОҚ - профессорлық-оқытушылар құрамы.

4 Жауапкершілік және өкілеттіктер

Кәсіптік практикаларды ұйымдастыру және өткізу ережелерін әзірлеуге, оларды тіркеуге келісуге, қолданысқа енгізуге жауапкершілік пен өкілеттіктер былайша бөлінеді:

Ережелерді әзірлеуге, атап айтқанда олардың мазмұнына, құрылымына, ресімдеуіне және енгізілуіне әзірлеуші жауап береді.

Осы Ережелердің ҚР Х-01-2022 талаптарына сәйкестігі үшін әзірлеуші жауапты болады.

5 Жалпы ережелер

Осы Ережелер «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 43-1-бабы 2-тармағының 9-тармақшасына, 39-тармаққа, «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік ережелерін бекіту туралы» Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 Бұйрығына, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексіне, «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы, «Кәсіптік практиканы ұйымдастыру және өткізу ережелерін және ұйымдарды практика базасы ретінде айқындау ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы №107 бұйрығына, «Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығына, «Дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 50 бұйрығына сәйкес әзірленді.

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Кәсіптік практикаларды ұйымдастыру және өткізу ережелері	Ереже V-10-2022 Нұсқа 02 Күні 2022.11.21 114 беттің 6-беті
---	---	---

Ережелер білім алушылардың теориялық оқыту нәтижелерін бекітуге, практикалық дағдылар мен құзыреттерді игеруге, сондай-ақ инновациялық технологияларды игеруге бағытталған кәсіптік практикаларын барлық оқыту мерзімі бойы ұйымдастыру және өткізу жөніндегі ұйымдастырушылық және оқу-әдістемелік қызметті регламенттейді.

Қазақстан Республикасының экономикасында болып жатқан құрылымдық өзгерістердің қарқынды процестері елде болып жатқан осы тарихи, экономикалық және саяси жағдайды негізге ала отырып, осы процестерді табысты іске асыруға тиіс жаңа формация мамандарына жоғары сұранысты шарттады.

Біздің еліміз алға жетелейтін практика, экономика мүдделері, қарқынды даму жолдары жоғары білімнің мақсаттарын, әдістері мен мазмұнын белгілеуі керек.

Білім және ғылым министрінің «Кәсіптік практиканы ұйымдастыру және өткізу ережелерін және ұйымдарды практика базасы ретінде айқындау ережелерін бекіту туралы» 2016 жылғы 29 қаңтардағы №107 бұйрығының 80-тармағына сәйкес – «Техникалық ғылымдар және технологиялар» мамандықтары топтары бойынша білім алушылардың өндірістік практикасы дуальды оқыту жүйесінің принциптерін ескереді.

Ағымдағы кезеңде дуальды даярлау жүйесі бір мезгілде теориялық және өндірістік/практикалық оқыту жүзеге асырылатын әлемдегі кәсіби-техникалық кадрларды даярлаудың ең тиімді нысандарының бірі болып табылады. Ол кәсіпорындардың білім алушылардың кәсіптік білім алуына тікелей қатысуын көздейді. Кәсіпорын практикалық оқыту үшін жағдай жасайды және оған байланысты барлық шығындарды, соның ішінде білім алушыға ай сайынғы төлемді көтереді. Оқу орындары кәсіпорындармен тең негізде ынтымақтасады. Дуальды оқыту жүйесі бизнестің, болашақ маманның және мемлекеттің мүдделерін біріктіруі мүмкін әдістердің бірі болып табылады.

Студенттердің кәсіптік практикасы жоғары кәсіптік білім беретін білім беру бағдарламасының бөлігі болып табылады.

Практиканың мақсаты - студенттердің ЖОО-да оқу процесінде алған (магистранттардың, докторанттардың) теориялық білімдерін нығайту және практикалық білімдерін тереңдету, сондай-ақ заманауи технологияларды ұйымдастыру және енгізу саласында қажетті практикалық дағдыларды игеру.

Бакалавриат бойынша мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарына сәйкес кәсіптік практиканың әртүрлі түрлері көзделген: оқу (таныстыру), өндірістік, диплом алдындағы.

Кәсіптік практика оқу жұмыс бағдарламалары мен оқу жұмыс жоспарларына сәйкес анықталады.

Кәсіптік практиканың әр түрінің мақсаттары, міндеттері мен бағдарламасы бар.

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Кәсіптік практикаларды ұйымдастыру және өткізу ережелері	Ереже V-10-2022 Нұсқа 02 Күні 2022.11.21 114 беттің 7-беті
---	---	---

6 Бакалавриаттың кәсіптік практикасын ұйымдастыру ережелері

6.1 Кәсіптік практиканы ұйымдастыру

Кәсіптік практика білім беру бағдарламасының міндетті құрамдас бөлігі болып табылады.

Кәсіптік практиканы ұйымдастыру және өткізу үшін жоғары оқу орнының және практика базаларының басшылары жасалған шарттың (А қосымшасы) талаптарына сәйкес, сондай-ақ «Еңбек туралы» ҚР Заңына сәйкес жауапты болады.

Студенттерді кәсіптік практиканың барлық түрлеріне жіберу ректордың бұйрығымен практиканың өту мерзімдерін, базасын және басшысын көрсете отырып ресімделеді. Студенттерге нысан бойынша жолдама беріледі (Б қосымшасы).

Кәсіптік практикалардың мерзімдері кәсіптік практикаларды өткізу кестесінде көрсетіледі. (В қосымшасы)

Кәсіптік практиканың түрлері, көлемі және мазмұны стандарттармен, үлгілік және оқу жұмыс жоспарларымен және бағдарламаларымен айқындалады.

Кәсіптік практика бағдарламасы өзінің мазмұны бойынша мамандықтың бейінін, практика түрінің ерекшелігін, кәсіптік стандарттар мен білім беру бағдарламасының талаптарын, ұйым қызметінің сипатын, технологиялық процесс пен практика объектісін көрсетеді.

Кәсіптік практика бағдарламасы мерзімді түрде жаңартылып отырады және ғылым мен техниканың заманауи жетістіктерін, практика негізінде қолданылатын инновациялық технологияларды көрсетеді.

Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету және практикаға басшылық жасау, оқу жоспарларын, практика бағдарламаларын орындау және оны өткізу сапасын бақылауды тиісті кафедралар жүзеге асырады және жауапты болады.

Кәсіптік практикаға жетекшілік етуді неғұрлым білікті, практикалі, креативті кәсіби ойлауы бар және мамандықтың ерекшелігін білетін, тиісті кафедралардың оқытушылары жүзеге асырады.

Қажет болған жағдайда кәсіптік практикаға жіберілетін білім алушылар медициналық тексеруден өтіп, тиісті екпелер алуы тиіс.

Университет кәсіпорындар мен мекемелердің студенттердің (магистранттардың, докторанттардың) қалыпты еңбек және тұрмыс жағдайларын қамтамасыз етуін, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша міндетті нұсқамалар өткізуді, практиканттардың ішкі еңбек тәртібі ережелерін орындауын бақылауды жүзеге асырады.

Сырттай оқу нысанындағы студенттер мамандығы бойынша жұмыс істеген жағдайда оқу және өндірістік (технологиялық) практикадан босатылады. Бұл жағдайда олар практика жетекшісіне кафедрадан жұмыс орнынан анықтама және олардың кәсіби қызметін көрсететін сипаттама береді. Сырттай оқу

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Кәсіптік практикаларды ұйымдастыру және өткізу ережелері	Ереже V-10-2022 Нұсқа 02 Күні 2022.11.21 114 беттің 8-беті
---	---	---

түріндегі студенттер диплом алдындағы практика бағдарламасын орындайды.

ЖОО-дан практика жетекшісі (ғылыми жетекші) студенттердің практика туралы есептерін (Есептің титулдық парағы - Г қосымшасы) тексереді, олардың жұмысы туралы пікірлер береді және кафедра меңгерушісіне студенттерді (магистранттарды, докторанттарды) даярлауды жетілдіру бойынша ескертулер мен ұсыныстарды қамтитын практиканы өткізу туралы жазбаша есепті ұсынады.

Кәсіпорыннан студенттердің практика жетекшісі материалдарды жинауға көмек көрсетеді, нақты өндірістік жағдайларда кәсіби міндеттерді орындау сапасын бағалайды, практика бағдарламасының және жеке тапсырмалардың орындалуы туралы деректерді қамтитын студент-практиканттарға кәсіби сипаттамалар жасайды.

6.1.1 Практика жетекшісінің міндеттері

Практика жетекшісінің міндеттеріне мыналар жатады:

- студенттерді практикаға жібермес бұрын жиналыс өткізу, онда студенттерді оның жергілікті жерлерде өту мерзімдері мен ерекшеліктері туралы уақтылы хабардар ету;
- барлық студенттерге практикадан өту және есепті құрастыру туралы әдістемелік нұсқаулар, бағдарлама, практика күнделігі (М, Н қосымшасы) және бағыт беру, ал бітіру курсының студенттері үшін - дипломдық жобаны жазу үшін материалдар жинау және есепті қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар беру;
- практика жүргізілетін ұйымдарда еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау техникасы бойынша студенттермен нұсқама жүргізуді бақылауды қамтамасыз ету;
- оқу, өндірістік және диплом алдындағы практикаларды өткізу кестесінде көзделген мерзімдерде студенттерді кәсіпорындар мен ұйымдарға жіберу;
- студенттерге жеке тапсырмаларды орындау және курстық және дипломдық жұмыстарға (жобаға) материалдар жинау кезінде әдістемелік көмек көрсету;
- практика күнделіктерін, олардың атқарылған жұмысы туралы ауызша және жазбаша есептерін жүргізуді тексеру арқылы практиканттардың жұмысына бақылауды жүзеге асыру;
- әрбір студентке практикадан өтудің жеке жоспарын жасауға, оны кәсіпорын басшылығымен келісуге және бекітуге көмектесу;
- практикант студенттерге практика бағдарламасын және жеке жоспарды орындауда жүйелі түрде әдістемелік және ұйымдастырушылық көмек көрсету;
- студенттердің практика бойынша есепті уақтылы тапсыруын, студенттер практикадан өткен кәсіпорынның негізгі қызметінің практикасы бойынша есептің тапсырмасы мен мазмұнының сәйкестігін бақылауды жүзеге асыру;
- практика аяқталғаннан кейін студенттердің практика бағдарламасын орындау нәтижелерін бағалау және күнделікке тиісті жазба енгізу.

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Кәсіптік практикаларды ұйымдастыру және өткізу ережелері	Ереже V-10-2022 Нұсқа 02 Күні 2022.11.21 114 беттің 9-беті
---	---	---

6.1.2 Студенттің міндеттері

Студент практикадан өту кезінде міндетті:

- жеке тапсырмада көзделген бағдарлама мен жұмыстарды толық орындау;
- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау ережелерін және ішкі еңбек тәртібінің қолданыстағы ережелерін сақтау;
- белгіленген нысан бойынша күнделік жүргізу және есепке практикадан өткені туралы жазу, кәсіпорыннан практика басшысының мінездемесін алу;
- практика бағдарламаларында көзделген жұмыстардың барлық түрлерін орындау, ол үшін практикадан өтудің жеке күнтізбелік жоспары жасалады;
- кәсіпорындарда практикадан өту мерзімдерін қатаң сақтау, бұл ретте өзімен бірге күнделік, бағыттама-жолдама, университетке онда көрсетілген мекенжай бойынша жіберілетін үзінді талон болуға тиіс;
- бір апта мерзімінде СМЖ талаптарына сәйкес ресімделген практика бойынша есепті күнделікпен және қолымен және мөрімен расталған жолдамамен өз басшысына тапсыру;
- кафедрада практика бойынша есепті дайындау және қорғау.

6.2 Практикалардың тәртібі мен өткізілуі

6.2.1 Оқу практикасы

«Кәсіптік практиканы ұйымдастыру және өткізу ережелеріне және ұйымдарды практика базасы ретінде айқындау ережелеріне» сәйкес (ҚР БҒМ 29.01.2016 ж. № 107 бұйрығы) күндізгі оқу нысанындағы 1-курс студенттері үшін міндетті түрде оқу практикасы өткізіледі.

Оқу (таныстыру) практикасының мақсаты оқыту процесінде алынған теориялық білімді нығайту мен тереңдетуді, зерттеу қызметінің алғашқы дағдыларын, іскерліктерін алуды қамтитын бастапқы кәсіби құзыреттіліктерді игеру болып табылады;

іскерлік хат-хабарларды жүргізу, оқу мамандығына, болашақ кәсіби қызметтің түрлері, функциялары мен міндеттеріне сәйкес практикалық дағдылар мен жұмыс дағдыларын игеру.

Оқу (таныстыру) практикасы барлық мамандықтар бойынша студенттер үшін өткізіледі және 1-курста ұйымдастырылады.

Оқу (таныстыру) практикасының негізгі міндеттері:

- 1) білім алушыны жоғары оқу орны қызметінің бағыттарымен таныстыру;
- 2) жоғары оқу орны іске асыратын мамандықпен және оның білім беру бағдарламаларымен танысу;
- 3) болашақ кәсіптің объектілері болып табылатын ұйымдардың ұйымдық - құқықтық нысанымен, құрылымымен, басқару жүйесімен жалпы танысу;
- 4) болашақ кәсіби қызметтің түрлерін, функциялары мен міндеттерін зерделеу;
- 5) іскерлік хат-хабарларды зерделеу және іс қағаздарын жүргізу;
- 6) еңбек ұжымында жұмыс істеу дағдыларын меңгеру.

Белгілі бір пәндік саланың ерекшелігіне және болашақ маманның кәсіби құзыреттілігіне байланысты оқу практикасының түрлері былай ажыратылады:

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Кәсіптік практикаларды ұйымдастыру және өткізу ережелері	Ереже V-10-2022 Нұсқа 02 Күні 2022.11.21 114 беттің 10-беті
---	---	--

таныстыру, геологиялық-геодезиялық, компьютерлік, педагогикалық және басқалар.

Оқу және оқу-таныстыру практикасының бағдарламаларын жалпы немесе шығарушы кафедра білім беру бағдарламасының талаптарына және мамандық бейініне сәйкес әзірлейді.

Оқу практикасының базалары оқу, оқу-білім беру орталықтары, оқу шеберханалары, зертханалар және ЖОО-ның басқа да оқу-көмекші бөлімшелері, «Политехник» спорттық-сауықтыру лагеріндегі геологиялық-геодезиялық полигондар, сондай-ақ түлектердің болашақ кәсіби қызметіне сәйкес келетін ұйымдар болып табылады.

Сырт ұйымдарда оқу және оқу-таныстыру практикасын өткізген жағдайда тиісті шарттардың болуы қажет.

Оқу және оқу-таныстыру практикасының ұзақтығы, әдетте, 1-3 аптаны құрайды.

Оқу практикасының қорытындысы бойынша білім алушы студенттер тиісті кафедраға есеп береді, оны практика жетекшісі тексереді және кафедра меңгерушісінің өкімімен құрылған комиссия алдында қорғайды (Л қосымшасы). Есепті қорғау нәтижелері белгіленген балдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі бойынша сараланған сынақпен бағаланады.

6.2.2 Өндірістік практика

Өндірістік практиканың мақсаты кәсіби құзыреттілікті бекіту, кәсіби қызметтің практикалық дағдылары мен тәжірибесін игеру болып табылады.

Өндірістік практиканың негізгі міндеттері:

- 1) мамандық бойынша кәсіптік қызмет түрлерін, олардың функциялары мен міндеттерін зерделеу;
- 2) теориялық білімді нығайту және осы негізде кәсіби дағдыларды, шеберліктер мен құзыреттерді қалыптастыру;
- 3) инновациялық технологияларды, еңбек пен өндірістің озық әдістерін меңгеру;
- 4) ұйымдастырушылық және кәсіби өсуге қол жеткізу;
- 5) командалық жұмыс дағдыларын, корпоративтік басқару принциптерінің құзыреттерін игеру;
- 6) өз қызметін өз бетінше жоспарлау, әріптестерімен пайдалы байланыс орнату, рөлдік кәсіби позицияны анықтау, жауапкершілік сезімін қалыптастыру дағдыларын меңгеру.

Өндірістік практика барлық мамандықтардағы (педагогикалық мамандықтарды қоспағанда) білім алушылар үшін жүргізіледі және 2-курстан бастап білім алушылар бітіргенге дейін ұйымдастырылады.

Өндірістік практика көзделген арнайы пәндер циклін немесе тұтастай теориялық оқытуды зерделеу аяқталғаннан кейін өндірістік практика ұйымдастырылады.

Сырттай оқу нысанындағы білім алушылар мамандығы бойынша жұмыс істеген жағдайда өндірістік практикадан босатылады. Бұл жағдайда білім

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Кәсіптік практикаларды ұйымдастыру және өткізу ережелері	Ереже V-10-2022 Нұсқа 02 Күні 2022.11.21 114 беттің 11-беті
---	---	--

алушылар жоғары оқу орнына жұмыс орнынан анықтама және олардың кәсіби қызметін көрсететін мінездеме ұсынады. Олай болмаған жағдайда өндірістік практикадан өтуді шығарушы кафедра ақылы негізде ұйымдастырады.

Мамандық бойынша өндірістік практика бағдарламасы мамандықтың білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкес әзірленеді және білім алушылардың кәсіби маңызды дағдыларын дамытуға және кәсіби стандарттардың талаптарына сәйкес арнайы құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталуы тиіс.

«Техникалық ғылымдар және технологиялар», «Қызметтер» мамандықтарының топтары бойынша білім алушылардың өндірістік практикасы дуальды оқыту жүйесінің принциптерін ескереді.

Өндірістік практиканың базалары оқытылатын мамандықтың бейініне сәйкес келетін ұйымдар (немесе соған байланысты ұйымдар) болып табылады.

Өндірістік практикалардың ұзақтығы мен саны тиісті мамандық бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттармен айқындалады.

Өндірістік практиканың қорытындысы бойынша білім алушылар тиісті кафедраға есеп береді, оны практика жетекшісі тексереді және кафедра меңгерушісінің өкімімен құрылған комиссия алдында қорғайды. Есепті қорғау нәтижелері белгіленген балдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі бойынша сараланған сынақпен бағаланады.

6.2.3 Диплом алдындағы практика

Диплом алдындағы практиканың мақсаты дипломдық жұмысты (жобаны) жазуды аяқтау болып табылады.

Диплом алдындағы практиканың негізгі міндеттері:

1) дипломдық жұмыс (жоба) тақырыбы бойынша практикалық материалды жинау, өңдеу және жалпылау;

2) дипломдық зерттеу тақырыбы бойынша статистикалық деректерді және практикалық материалды талдау;

3) дипломдық жұмыс (жоба) тақырыбы бойынша қорытындыларды, заңдылықтарды, ұсынымдар мен ұсыныстарды тұжырымдау;

4) белгіленген талаптарға сәйкес дипломдық жұмысты (жобаны) ресімдеу.

Диплом алдындағы практиканың мазмұны дипломдық жобаның (жұмыстың) тақырыбымен анықталады.

Диплом алдындағы практикаға басшылықты, әдетте, дипломдық жұмыстың (жобаның) ғылыми жетекшісі жүзеге асырады.

Диплом алдындағы практиканың ұзақтығы жоғары білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес дипломдық жұмысты (жобаны) жазуға бөлінген академиялық сағаттардың немесе кредиттердің санымен айқындалады.

Диплом алдындағы практика кезеңінде білім алушы тиісті практика базасының кәсіби қызметі бойынша нақты материалды, дипломдық жұмыс (жоба) тақырыбы бойынша практикалық материалды жинауды жүзеге асырады. Практика нәтижелері дипломдық жобаны (жұмысты) жазу үшін

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Кәсіптік практикаларды ұйымдастыру және өткізу ережелері	Ереже V-10-2022 Нұсқа 02 Күні 2022.11.21 114 беттің 12-беті
---	---	--

пайдаланылады және тиісті түрде ресімделеді.

Диплом алдындағы практиканың қорытындылары дипломдық жобаны (жұмысты) алдын ала қорғауда шығарылады, оны ұйымдастыру тәртібін шығарушы кафедра айқындайды.

Әлеуметтік серіктестер ретінде анықталған базалық ұйымдардың басым рөлінсіз практиканың барлық кезеңдерінен, оқу және өндірістік кезеңдерден сәтті өту мүмкін емес. Кәсіптік білім беру жүйесі тұйық жүйе болып қала алмайды, бұл жүйе білім беру қызметтерін сырт бақылаушылар мен пассивті тұтынушылар позициясын иеленетін әлеуетті жұмыс беруші - ұйымдарды инновациялық білім беру процестерін іске асыратын мүдделі қатысушылар позициясына ауыстыру процестеріне бастама беруі тиіс.

Осылайша, нақты өндірістік практика студенттің аудиторияда нені және қалай оқығанының өзіндік критерийіне айналады. Студенттің жұмыс орнында алған практикасының нақты нәтижесі оның жауапкершілігінің ерекше деңгейін анықтайды және табысты жұмысқа орналасудың кепілі болып табылады.

7 Магистратураның кәсіптік практикасын ұйымдастыру ережелері

7.1 Кәсіптік практикалардың мазмұны

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесіндегі кәсіптік практика жоғары оқу орнында оқу процесінде алынған теориялық білімді нығайтуға, практикалық дағдылар мен құзыреттерді игеруге, сондай-ақ озық практиканы игеруге бағытталған кәсіптік даярлықтың құрамдас бөлігі болып табылады. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудегі кәсіптік практиканың келесі түрлері бар: зерттеу, педагогикалық және өндірістік.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудегі зерттеу практикасының мақсаты отандық және шетелдік ғылымның жаңа теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктерін зерделеу, практикалық дағдыларды бекіту, диссертациялық зерттеуде эксперименттік деректерді жинаудың, өндеудің және түсіндірудің заманауи әдістерін қолдану болып табылады.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудегі педагогикалық практиканың мақсаты жоғары оқу орнында ғылыми-педагогикалық қызметке даярлау, жоғары мектепте арнайы пәндерді оқытуды, білім алушылардың оқу қызметін ұйымдастыруды, пән бойынша ғылыми-әдістемелік жұмысты қамтитын оқу-тәрбие процесін жүзеге асыру бойынша практикалық қызмет дағдыларын игеру және бекіту болып табылады.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудегі өндірістік практиканың мақсаты негізгі құзыреттерді игеру және бекіту, болашақ мамандық бейіні бойынша кәсіби қызметтің практикалық дағдылары мен тәжірибесін игеру болып табылады.

Кәсіптік практикалардың мерзімдері мен мазмұны мамандықтардың негізгі (жұмыс) оқу жоспарларымен айқындалады және жоғары оқу орнынан кейінгі

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Кәсіптік практикаларды ұйымдастыру және өткізу ережелері	Ереже V-10-2022 Нұсқа 02 Күні 2022.11.21 114 беттің 13-беті
---	---	--

білім беру бағдарламалары білім алушыларының жеке жоспарларында көрсетілуге тиіс.

Кәсіптік практикалардың бағдарламалары мен мазмұнын шығарушы кафедралар мамандық бейінін және магистрантты оқытудың жеке траекториясын ескере отырып әзірлейді.

Зерттеу практикасының негізгі міндеттері:

- ғылыми-зерттеу/тәжірибелік-эксперименттік жұмысты ұйымдастыру мен жүргізудің заманауи әдістерін меңгеру;
- деректерді талдау мен түсіндірудің заманауи әдістерін меңгеру;
- диссертациялық жұмысты дайындау үшін нақты материал жинау;
- ғылыми және/немесе практикалық қызметтің таңдалған саласында тиімді дербес зерттеу қызметі үшін қажетті кәсіби құзыреттерді қалыптастыру;
- білім алушыларда кәсіби қызметке шығармашылық, зерттеушілік көзқарасты, тұрақты өзін-өзі тәрбиелеу қажеттілігін қалыптастыру.

Зерттеу практикасы келесі қызмет түрлерін қарастырады:

- диссертациялық жұмыстың таңдалған тақырыбына сәйкес эмпирикалық зерттеу базасымен жұмыс (зерттеу бағдарламасы мен жоспарын құру, міндеттерді қою және тұжырымдау, зерттеу объектісі мен тақырыбын анықтау, зерттеудің әдіснамалық негізін таңдау, деректерді жинау және талдау әдістерін зерттеу);
- анықтамалық-библиографиялық жүйелерді, ақпаратты іздеу тәсілдерін зерделеу; библиографиялық анықтамалықтармен жұмыс істеу, ғылыми-библиографиялық тізімдерді жасау, ғылыми жұмыстарда библиографиялық сипаттаманы пайдалану дағдыларын игеру, отандық және шетелдік электрондық деректер базаларымен жұмыс істеу;
- диссертациялық жұмыс тақырыбына байланысты ғылыми және практикалық-эксперименттік зерттеулер жүргізу, алынған деректерді өңдеу, талдау және жалпылау.

Педагогикалық практиканың негізгі міндеттері:

1) ғылыми білімді оқу материалына құрылымдау және түрлендіру, пәндік материалды ауызша және жазбаша баяндау дағдыларын, әртүрлі заманауи білім беру технологияларын, міндеттерді, жаттығуларды, тесттерді құрастыру әдістерін және ғылыми-педагогикалық және оқу-әдістемелік жұмыстың басқа да негіздерін меңгеру;

2) қойылған педагогикалық міндеттерге байланысты білім алушылардың оқу қызметін ұйымдастырудың әртүрлі нысандарын пайдалану, сабақтың түрін, типін таңдау бойынша, оқу-тәрбие мақсаттарын қою бойынша дағдыларды қалыптастыру; оқу қызметінің тиімділігін диагностикалау, бақылау және бағалау дағдыларын меңгеру;

3) оқу материалын құрылымдаудың және ұсынудың әртүрлі тәсілдерімен, оқу қызметін жандандыру тәсілдерімен, жоғары мектепте кредиттік оқыту технологиясы бойынша білім беру процесін ұйымдастырудың негізгі принциптерімен, «студент-оқытушы» жүйесіндегі өзара іс-қимыл

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Кәсіптік практикаларды ұйымдастыру және өткізу ережелері	Ереже V-10-2022 Нұсқа 02 Күні 2022.11.21 114 беттің 14-беті
---	---	--

ерекшелігімен танысу.

Педагогикалық практика келесі қызмет түрлерін қарастырады:

- педагогикалық практикадан өтудің жеке бағдарламасын әзірлеу;
- ғылыми-әдістемелік консультацияларға қатысу, кафедралардың оқу-тәрбие және әдістемелік жұмысын ұйымдастырумен танысу;
- ғылыми пән, сабақтас ғылымдар бойынша оқу сабақтарына қатысу барысында университеттің жетекші оқытушыларын оқыту тәжірибесін зерделеу;
- нормативтік және құқықтық құжаттарды («Білім туралы» ҚР Заңы, мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттар, оқу жұмыс жоспарлары, үлгілік бағдарламалар және т. б.) зерделеу;
- магистранттар мен докторанттар өткізетін сабақтарға қатысу және талдау;
- оқу сабақтарының мазмұнын жеке жоспарлау және әзірлеу, оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу;
- оқу пәні бойынша оқу сабақтарын (дәрістер, семинарлар, практикалық және зертханалық сабақтар) өткізу;
- білім алушылармен жеке жұмыс, ғылыми студенттік (магистрлік) зерттеулерге басшылық ету, студенттердің (магистранттардың) зерттеу практикасына басшылық ету.

Өндірістік практиканың негізгі міндеттері:

- 1) мамандық бейіні бойынша кәсіптік және еңбек дағдыларын қалыптастыру;
- 2) өндірістік процестерді ұйымдастыру мен басқаруды қоса алғанда, тиісті саладағы кәсіпорындар, ұйымдар немесе мекемелер жұмысының ерекшелігін зерделеу;
- 3) қазіргі заманғы басқарушылық қызметтің негізгі дағдыларын меңгеру (бөлімше қызметін жоспарлау, проблемаларды шешу, басқарушылық шешімдер қабылдау, қызмет процестері мен нәтижелерін бақылау).

Өндірістік практика мынадай қызмет түрлерін көздейді:

- кәсіпорын қызметін ұйымдастырумен, негізгі нормативтік және регламенттеуші құжаттармен танысу;
- жабдықпен, аппаратурамен, бақылау-өлшеу аспаптарымен, құралдармен және т. б. танысу;
- негізгі өндірістік және басқару процестерін зерттеу;
- кәсіпорын қызметкерлерінің функционалдық міндеттері шеңберінде еңбек операцияларын жүргізу.

7.2 Кәсіптік практикаларды өткізу

Кәсіптік практикаларды өткізу практика базаларында жүзеге асырылады. Зерттеу және педагогикалық практика базалары ретінде, әдетте, университеттің факультеттері мен бөлімшелері, өндірістік практика – ұйымдар, мекемелер, кәсіпорындар және т. б. қатысады.

Кәсіптік практикалардың мерзімдері, ұзақтығы мен мазмұны білім беру бағдарламаларының негізгі (жұмыс) оқу жоспарларымен, академиялық

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Кәсіптік практикаларды ұйымдастыру және өткізу ережелері	Ереже V-10-2022 Нұсқа 02 Күні 2022.11.21 114 беттің 15-беті
---	---	--

күнтізбемен және университеттің бекітілген практика бағдарламаларымен айқындалады.

Кәсіптік практикаға оқу-әдістемелік басшылықты, практика бағдарламасын әзірлеуді және практиканы өткізу сапасын бақылауды шығарушы кафедралар жүзеге асырады.

Өндірістік практикаға жіберілетін білім алушылар (практиканттар) қажет болған жағдайда медициналық тексеруден өтеді.

Кәсіптік практика басталғанға дейін шығарушы кафедра практиканттарды қажетті даярлауды ұйымдастырады және практика бағдарламасына сәйкес консультациялар өткізеді.

Кәсіптік практикаға тікелей басшылықты, әдетте, магистранттың/докторанттың ғылыми жетекшісі жүзеге асырады. Практика жетекшілері бұйрықпен бекітіледі.

Практика жетекшісі:

- практика нәтижелерін ұйымдастыруды, жоспарлауды және есепке алуды қамтамасыз етеді;

- магистранттың/докторанттың кәсіптік практикадан өтуінің жеке бағдарламасын бекітеді;

- пән мен оқу тобын педагогикалық практиканы өткізу базасы ретінде, ұйымды немесе кәсіпорынды-зерттеу/кәсіптік практика базасы ретінде таңдайды;

- білім алушыларға кәсіптік практикадан өту кезінде ғылыми және әдістемелік көмек көрсетеді;

- практиканттың жұмысын бақылайды, практиканы ұйымдастыру мен өткізудегі кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қабылдайды;

- кәсіптік практиканың нәтижелерін талдауды және бағалауды жүзеге асырады, практикадан өту қорытындылары туралы қорытынды пікір береді;

- практиканың оқу-әдістемелік тәжірибесін жинақтайды, оны оңтайландыру және жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді.

Педагогикалық практиканы жүргізу үшін жалпы, педагогикалық және этникалық психология кафедрасының және жалпы және этникалық педагогика кафедрасының педагогикалық практика әдіскерлері тағайындалады.

Педагогикалық практика жетекшілері:

- жоғары мектеп оқытушысының психологиялық-педагогикалық даярлығы шеңберінде жеке және топтық консультациялар ұйымдастырады;

- практиканттардың сынақ сабақтарына қатысады, оларға жан-жақты психологиялық-педагогикалық талдау береді;

- практиканттардың қорытынды есептік құжаттамасын талдауға және бағалауға қатысады;

- бекіту және қорытынды конференциялар өткізуге қатысады;

- практиканы жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізеді, кафедра отырыстарында практиканы ұйымдастыру мәселелерін талқылауға қатысады.

Кәсіптік практика кезеңіне білім алушылардың жүктемесінің жалпы көлемі

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Кәсіптік практикаларды ұйымдастыру және өткізу ережелері	Ереже V-10-2022 Нұсқа 02 Күні 2022.11.21 114 беттің 16-беті
---	---	--

магистратура мамандығының оқу жұмыс жоспарына сәйкес айқындалады, бұл ретте белсенді кәсіптік практикаға (сабақтар жүргізу, зертханада зерттеу жұмыстарын орындау, өндірістегі жұмыс) жүктеменің жалпы көлемінің - 30 пайызы, кәсіптік практика кезінде өзіндік жұмысқа практика жетекшісімен дайындық жұмысын қоса алғанда – 70 пайыз жоспарланады.

Магистранттың кәсіптік практикадан өтуінің жеке бағдарламасын тікелей жетекші әзірлейді және кафедра меңгерушісі бекітетін кафедрада практиканы өткізудің жалпы кестесіне енгізеді. Әрбір білім алушы бекітілген практика бағдарламасына сәйкес жеке тапсырмалар алады.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары білім алушыларының кәсіптік практикасының нәтижелерін аттестаттау академиялық күнтізбемен және практиканың мінез-құлық кестесімен айқындалатын мерзімдерде жүзеге асырылады.

Практика қорытындысы бойынша білім алушылар жүргізілген жұмыс көлемі мен деңгейіне сәйкес есептер ұсынады. Практика жетекшісі оның қорытындылары мен практиканттардың есептерін қарау негізінде практика қорытындылары туралы қорытынды шығарады.

Практика бойынша есептер мен басшылардың қорытындыларын шығарушы кафедрада құрылатын арнайы комиссия тыңдайды, ол практика қорытындыларын бағалау туралы шешім қабылдайды. Педагогикалық практикаға баға қою кезінде педагогика және психология кафедралары әдіскерлерінің бағалары ескеріледі.

7.3 Магистранттардың практикадан өту процесіндегі құқықтары мен міндеттері

Магистратураның білім алушылары кәсіптік практикадан өту кезінде (практиканттар) практика процесінде туындайтын барлық мәселелер бойынша практика жетекшілеріне, әдіскерлерге жүгінуге, факультет пен университеттің тиісті кабинеттеріндегі оқу-әдістемелік құралдарды пайдалануға, практиканы ұйымдастыруды жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізуге құқылы.

Алдын ала келісім бойынша педагогикалық практикадан өту кезінде практиканттар оқыту әдістемесін зерделеу, озық педагогикалық практикамен танысу мақсатында университеттің жетекші оқытушыларының сабақтарына қатысуға құқылы.

Практиканттар кәсіптік практика бағдарламасында көзделген жұмыстардың барлық түрлерін орындауға міндетті.

Практиканттар университеттің ішкі тәртіп ережелеріне, әкімшілік пен практика басшыларының өкімдеріне, қауіпсіздік техникасының талаптарына, сондай-ақ практика базасы ретінде қызмет ететін ұйымның ішкі тәртіп ережелеріне бағынады. Практикантқа қойылатын талаптар орындалмаған жағдайда білім алушы практикадан өтуден шеттетілуі мүмкін.

Практикадан шеттетілген немесе практикада жұмысы қанағаттанарлықсыз деп танылған магистранттар оқу жоспарын орындамаған болып есептеледі.

Практика бағдарламасына сәйкес практиканттар практика аяқталғаннан

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Кәсіптік практикаларды ұйымдастыру және өткізу ережелері	Ереже V-10-2022 Нұсқа 02 Күні 2022.11.21 114 беттің 17-беті
---	---	--

кейін белгіленген мерзім ішінде есептік құжаттаманы уақтылы тапсыруға міндетті.

8 Докторантураның кәсіптік практикасын ұйымдастыру ережелері

8.1 Кәсіптік практикалардың мазмұны

Докторанттар практикасы жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде негізгі білім беру бағдарламасының құрамдас бөлігі болып табылады.

Кәсіби құзыреттілікке сәйкес практиканың негізгі түрлері педагогикалық және зерттеу практикасы болып табылады.

Практиканың барлық түрлері академиялық күнтізбемен және докторанттың жеке жұмыс жоспарымен айқындалатын мерзімдерде жеке оқу жоспарына сәйкес іске асырылады.

Докторантты практикаға жіберу университет ректорының бұйрығымен ресімделеді.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесіндегі педагогикалық практика докторантураның білім беру бағдарламаларының маңызды және ажырамас құрамдас бөлігі болып табылады және оқу курстарын оқытуды, студенттердің оқу қызметін ұйымдастыруды, ғылыми-әдістемелік жұмысты, практикалық оқытушылық қызметтің дағдылары мен шеберліктерін алуды қамтитын жоғары мектепте білім беру және тәрбие процесін жүзеге асыру бойынша білім алушылардың практикалық іс-әрекетінің түрі болып табылады.

Педагогикалық практика докторанттың университеттегі ғылыми-педагогикалық қызметке кешенді психологиялық-педагогикалық және ақпараттық-әдістемелік дайындығын қалыптастыруға бағытталған.

Педагогикалық практика жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында (МЖМБС) белгіленген көлемде оқу үдерісінен қол үзбей теориялық оқыту кезеңінде жүргізіледі.

Докторанттардың педагогикалық практикасының негізгі базасы шығарушы кафедралар болып табылады. Ерекше жағдайларда, шарттық қатынастары бар басқа жоғары оқу орындарында практикадан өтуге жол беріледі.

Педагогикалық практиканың ұйымдастырушысы докторантты даярлау бағыты бойынша университеттің шығарушы кафедралары болып табылады. Практикадан өтуге жалпы басшылық пен бақылау кафедра меңгерушісіне және ЖКББ басшысына жүктеледі.

Педпрактикадан өту бағдарламасын практика жетекшісі докторантпен бірлесіп әзірлейді және кафедра меңгерушісі бекітеді.

Педагогикалық практикадан өту нәтижелері бойынша докторант егжей-тегжейлі есеп береді және оны кафедра отырысында қорғайды. Аттестаттау қорытындысы бойынша докторантқа қорытынды баға қойылады.

